

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 35/05 қаулысы . Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 3351 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 10/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы әкімдігінің 13.03.2018 № 10/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасының тіл туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2010 жылғы 25 наурыздағы "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік мекемесінің Ережесін және құрылымын бекіту туралы" 08/04 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Әбдібеков

Қ а р а ғ а н д ы
2 0 1 5

о б л ы с ы
ж ы л ғ ы

3 0

ә к і м д і г і н і ң
м а у с ы м д а ғ ы

№ 35/05 қаулысымен бекітілген

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

Ережесі

1. Жалпы ережелер.

1. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы аймағында тіл саясаты саласында мемлекеттік басқарма функциясын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 34.

9. Мемлекеттік мекемесінің толық атауы:

мемлекеттік тілдегі: "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тіліндегі: государственное учреждение "Управление по развитию языков Карагандинской области".

10. Осы Ереже "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері.

13. Миссия: Қарағанды облысында мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын және өңірде тұрып жатқан барлық этностардың тілдерін сақтауды қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын жүргізу болып табылады.

14. Міндеттері:

облыс аумағында тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік және шоғырлану функцияларын кеңейту;

облыс тұрғындарының тіл мәдениеті деңгейін арттыру;

ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын жүргізу;

облыс тұрғындарының лингвистикалық капиталын дамыту үшін жағдайлар жасау.

15. Функциялары:

тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасының жобасын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз ету;

орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, талдамалық және әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;

облыстық ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тексерулер жүргізудің жылдық жоспарларын әзірлеу;

мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асыру.

16. Құқықтары:

облыстық басқармалар мен басқа жергілікті өкілетті және атқарушы органдардан, сондай-ақ ұйымдар мен мекемелерден, лауазымды тұлғалардан Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің тіл саясаты бойынша нормативтік актілерін орындау жөнінде ақпараттар мәліметтер, басқа құжаттар сұрату;

тілдерді дамыту мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін шарт негізінде ғалымдар мен мамандарды тарту;

тіл саясаты мәселелері бойынша барлық мекемелер, мемлекеттік органдар, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

облыс тұрғындарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасау;

жергілікті атқарушы органдарда ҚР тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

Тіл саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің орындалуына бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесін басшы басқарады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

облыс әкімінің жетекшілік орынбасарының келісімімен тағайындалып қызметтен босатылатын бөлім басшыларының жұмысына басшылық жасайды.

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметіне басшылық жасайды, жүктелген міндеттердің, облыс әкімінің және облыс әкімі орынбасарларының тапсырмаларының орындалуына тікелей жауап береді;

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы бөлім басшылары және мамандарының функционалдық міндеттері мен құзырларын анықтайды, бөлімдердің ережелерін және басқарма қызметкерлерінің қызметтік нұсқаулықтарын бекітеді;

заңнамамен белгіленген тәртіпте "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелейді, материалдық көмек көрсетеді, тәртіптік шара қолданады және жұмыстан босатады;

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын және штаттық кестесін әзірлейді және оны облыс әкімдігіне ұсынады;

өз құзырының шеңберінде бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

азаматтардың жеке қабылдауын жүргізеді;

өз құзырының шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның міндетін қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетін атқаратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі

нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымның тізбесі:

Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының "Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.